

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3
2023



ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

УДК 811.512.122

*А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Ө.Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
Қазақстан, Қостанай
Бекбосынова, А.Х.,
қауымдастырылған профессор м.а.,
филология ғылымдарының кандидаты,
Ернешбаева, А.Б.,
6В01701 – қазақ тілі мен әдебиеті
Білім беру бағдарламасының 2-курс студенті*

АСАН ҚАЙҒЫ – ҰЛЫ ОЙШЫЛ АҚЫН

Түйін

Асан Қайғы дәуірінің Қазақ хандығының құрылуымен тұспа-тұс келуін үлкен жетістік дер едім. Себебі, Алтын Орданың күйреуін көрген Асан Қайғы кемел, дана, ойлы тұлға дәрежесіне жеткенде саяси үлкен тәжірибесі бар тұлғаға айналды. Көпті білген, бастан кешкен Асан Қайғының беделі зор еді. Мұның бәрі Жәнібек пен Керей сұлтандарға ауадай қажет еді. Себебі, түрлі рулар мен шағын хан тайпаларының басын біріктіріп, ұлы хандықтың құрамына ену үшін үлкен салада намысы бар, сөзін айтатын ардақты ойшыл қажет. Осы кезде Асан Қайғы жайлы сөз қозғалады.

Түйін сөздер: бақыт, құт-береке, дәулет, біліктілік.

1 Кіріспе

Асан Қайғының шыншылдығымен, турашылдығымен хан мен ел алдында абыройлы болғанын байқауға болады. Ойшыл-философ ретінде дүниетанымның негіздері заман ағымымен ұштасып, үндес болды. Ол жай ойлаған жоқ, ерлік көрсетті, азаттық үшін күресіп, жанын берді. Болашағынан үмітін үзген жоқ. Дегенмен, жағдай өте қиын, аласапыран заман. Асан Қайғы хан есімінің «Қазақ» деп аталуының өзі жаңашыл ой еді. Осы идея төңірегінде барлық басшылар жиналып, нағыз сақ ұрпағы ретінде «Қазақ хандығының» негізін қалады.

2 Материалдар мен әдістер

Асан Қайғы тек шындықты ғана айтқан. Айталық «Жәнібекке айтқаны» деп аталатын 33 жолдан тұратын толғауда:

«Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің»

деп бастап, соңында

...Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақшортан
Қарағай басын шалмай ма,
Мұны неге білмейсің!?
Хош аман бол, Жәнібек,

Енді мені көрмейсің! – деп заманның өзекті мәселелерін бетіне басқан [Он ғасыр жырлайды, 2006 ж. 121 б].

Бұл жерден біз Жәнібек батырға айтқан сөздерін, заманның қандай болатыны, болғаны жайлы айтқанын түсінеміз.

Алаштанушы, энциклопедист ғалым Тұрсын Шаңбай «Қайғы – адамдық қасиеттің терең бір сипаты, қазақ танымындағы этикалық-философиялық ұғым. Қайғы – ойшыл адамға тән қасиет, ал қайғыру азалы көңіл-күйінің белгісі» деген тұжырым жасайды [Шаңбай, 2009:145].

Асан неге «Қайғы» атанды? Біріншіден Асан Қайғы ел қамын ойлайтын ойшыл болған, екіншіден тек елін ғана ойлап олардың бақытты күндері үшін бәрін жасағандық Асан Қайғы атауының өзектілігі де осында.

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

Асан Қайғы сонымен қатар «Сақтансаң – сақтаймын» деген аталы сөзге тоқтаған. Ия, шыныменде осы сөздің жаны бар. Небір адамдар өздерің сақтамай, ауырып жатады, кейбіреулері болса осы аталы сөздерге баса назар аударады. Бұл жерде айтқанымыз келгені сақтану-ол шарт Тәуелсіздік жолында халқымызды сақтау жолында небір адамдар өздерінің жанын қиды, тек өздерінің ғана қамын жемей, халқының денсаулығына баса назар аударып отырған.

Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас –
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса шығады, –

дегендей, біздің мақсатымыз Асан қайғының жыр-толғауларындағы қоғамға ой салу. Заманның өзекті мәселелерін ойталқысына салу маңызды.

«Адам адам болғалы – әуелі тайпа, ұлыс, кейін келе ұйысқан қоғам елге айналғалы жер үстіндегі өзінің жұмағын іздеп келеді. Елдің оңаша ойға көмген хәкімдері, ақылман-ойшылдары болсын, артына жұртын ергізген көшбасшылары болсын – бәрі-бәрі «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» Жерұйықты желмаямен іздеген арманшыл Асан-қайғыдай өз еліне малға шүйгін жері бар, жанға жайлы елі бар болашақ тілейтіні мәлім. «Құтты қоныс» іздеу – әлем халықтарының дүниетанымында жақсы өмірді күткен арман-аңсардан туған рухани интенция» [Құлсариева, 2010:116].

5 Қорытынды

Елдің болашағын ойлап, қамын жеген Асан Қайғы Ордадан бөлінген қазақ руларын қоныстандыруға атсалысқан. Сонымен қатар Асан Қайғы ойшыл, ақылгөй, күйші де болған. Терең күйзеліс сезілетін «Ел айырылған күйі» 1964 жылы нотаға түсірілген. Ел тағдырын өз тағдырынан жоғары қойған, ұлттың тұтастығын, жарқын болашағын, жер тұтастығын мұрат еткен тарихи тұлғалар аз емес. Солардың ең бірегейі-Асан Қайғы.

Әдебиеттер тізімі

1. Он ғасыр жырлайды. (2006) / құр. М. Мағауин.
2. Шаңбай. (2009) Ұғым мәдениет. Алматы, Раритет, 352 б.
3. Ақтолқын Құлсариева «Тәуелсіз Қазақстан идеясы – Жерұйық Қазақстан» 350 б.

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., ЕРНЕШБАЕВА, А.Б.

АСАН ҚАЙҒЫ – ВЕЛИКИЙ ПОЭТ-МЫСЛИТЕЛЬ

Я бы сказала, что большое достижение совпало с созданием Казахского ханства эпохи Асан Кайгы. Это потому, что Асан, который видел крах Золотой Орды, стал человеком с большим политическим опытом, когда горе достигло статуса совершенной, мудрой, вдумчивой личности.

Много знающий и повидавший, его репутация была огромной. Всё это было необходимо султанам Жанибеку и Керейю, как воздух. Это потому, что для того, чтобы объединить различные кланы и небольшие ханские племена и стать частью великого ханства, нужен уважаемый мыслитель, который имеет статус в обществе. В это время повествуется об Асан Қайғы.

Ключевые слова: счастье, благополучие, богатство, квалификация.

**BEKBOSSYNNOVA, A., YERNESHBAYEVA, A.
ASAN KAYGY IS A GREAT POET-THINKER**

I would say that a great achievement coincided with the creation of the Kazakh Khanate of the Asan Kaiga era. This is because Asan, who saw the collapse of the Golden Horde, became a man with great political experience when grief reached the status of a perfect, wise, thoughtful person. Knowing a lot and having seen a lot, his reputation was huge. All this was necessary for the sultans Zhanibek and Kerey, like air. This is because in order to unite various clans and small khan tribes and become part of the great Khanate, you need a respected thinker who has a status in society. At this time, the story is told about Asan Kaigi.

Key words: happiness, well-being, wealth, qualifications.

УДК 37.0

Гладов, Ю.В.,
к.т.н., ассоциированный профессор кафедры ЭЭ,
КРУ имени А.Байтурсынова,
г. Костанай, Казахстан.

ИНЖЕНЕРНОЕ ДЕЛО

Аннотация

Статья посвящена сущности инженерного дела: в ведущей роли инженерного дела в развитии общества; в круге инженерной деятельности при решении множества инженерных задач, возникающих в жизни общества; в широкой специализации инженерного дела, связи инженерного дела с наукой («ученый изучает то, что существует, а инженер создает то, чего еще никогда не было»), инженерным образованием и воспроизводством человеческого капитала. «Инженерное дело» относится к профессиям типа «Человек – Техника» и «Человек – Человек», которые требуют: хороших знаний техники и вопросов ее практической безопасной эксплуатации, с одной стороны, а, с другой стороны, обладания теорией и практикой профессиональной этики, которая позволяет инженеру успешно работать с людьми разных профессий, обеспечивая максимальную эффективность своей работы.

Ключевые слова: наука, инженерное дело, инженерное образование, профессиональная этика, человеческий капитал.

1 Введение

Инженерное дело исторически развивалось в течение ряда веков на основании двух достижений: роста объема научных знаний и постепенного роста и совершенствования специалистов, которые, на основе полученных наукой новых знаний, создавали новые приборы, устройства и технологические процессы, которые приносили пользу человеку и обществу. Такие специалисты, посвятившими свою жизнь этому делу, были первыми инженерами, выполнявшими роль посредников между наукой и практикой жизни общества: создавали оружие, строили дороги, мосты, крепости, каналы, орудия, машины и тому подобное. Таких инженеров потом стали называть классическими инженерами. Деятельность инженеров (инженер – думающий человек) особенно ярко проявилась во времена